

NASEC

НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫШПАНУ АШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ



Ы. ЖАҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
КҮРІШ ПАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМ-
ӘДІСТЕМЕ ИНСТИТУТЫ

ҚЫЗЫЛОРДА БІЛІМ ТАРАТУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЗНАНИЙ


КОНСУЛЬТАЦИЯНЫҢ БЕРІЛГЕНДІГІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Тақырыбы: «Күріш ауыспалы егісін иегру және әртараптандыру дақылдарын өсіру технологиялары»

Бағыты: «Өсімдік шаруашылығы, әртараптандыру дақылдары: көпжылдық бұршақ тұқымдас дақылдар, қант қызылшасы»

Кеңес берілген күні: 29 қараша, 2025 жыл

Консультация өткізген жер: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, «Таң ЛТД» ЖШС

Эксперт  К.Шермагамбетов

«Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш
шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС-нің
Басқарма төрағасы



С.Т. Тәуіпбаев

Кейінгі жылдары Қызылорда облысы егіншілері су тапшылығын көріп келеді. Аймақтың негізгі дақылы болып саналатын күріш егісінің көлемі 80-85 мың гектар егіліп жүр. Алайда су тапшылығы қатты байқалған жылдары күріш дақылының толық пісіп жетілуіне Сырдария өзенінен келетін суармалы судың жетіспей қалу жайлары жиі кездесетін құбылысқа айналды. Сол себепті аймақ егіншілері алдында күріш егісінің көлемін қысқартып 70-75 мың гектар орнына әртараптандыру дақылдарын егу мәселесі күн санап артып келеді.

Осы орайда шығыны мен өнімділігі, мал азығы үшін құнарлылығы жоғары дақылдарды күріш ауыспалы егісіне енгізу осы мәселені шешудің бірден-бір жолы болып саналады.

Біріншіден, әртараптандыру дақылдары ерте себілетін дақылдар тобына жататындықтан оларды ерте көктемде күріштен кейін егу тиімді. Күріштен кейінгі ылғалдықтан әртараптандыру дақылдары тез көктеп, тез өніп шығады. Оған қосымша суару қажеттілігі азаяды. Кейбір жылдары суармай-ақ мол өнімге қол жеткізуге болады. Оларды көпжылдық шөптерге бүркеме дақыл ретінде пайдаланғанда тез өніп шыққан әртараптандыру дақылдарының көгі топырақ бетін көлеңкелеп, жер асты тұздарының жоғары қабатына көтерілмеуін қамтамасыз етеді және жаңа көктей бастаған көпжылдық шөптер өскіндерінің өсіп жетілуіне қолайлы жағдай туғызады.

Екіншіден, әртараптандыру дақылдарын таза екенде ерте шығып ерте жетілетін дақыл ретінде арамшөп тұқымдарының көктеп шығып өсуіне мүмкіндік бермейді, себебі олар топырақ бетіндегі ылғалды тез пайдаланып оның мөлшерін арамшөп тұқымдарының өніп шығуына жеткіліксіз күйде қалдырады. Сондықтан егістік арамшөптермен ластанбайды. Тағы да бір қолайлы жері, олар маусым айының соңында, шілде айының басында пісетіндіктен оларды жиып алған соң осы атыздарда ерте пісетін қант құмайы, қант қызылшасы сияқты дақылдар егіп, күзге дейін жиып алуға болады немесе суық түскенге дейін мелиоративтік шараларды жүргізіп, атыз беттерін тегістеу, су жүйелерін тазарту, т.б. жұмыстарды атқаруға қолайлы мерзім болып саналады.

Кәсіптік кеңестің міндеттері.

Кеңес беру барысында әртараптандыру дақылдарының маңызы жайлы айтылды. Оны күріш ауыспалы егісінің қандай танаптарына орналастырғанда оның тиімділігі артатыны жайлы мәлімет берілді.

Қолданыстағы ауыспалы егістердегі күріш дақылының үлесін әртараптандыру дақылдарын енгізу арқылы 50,0%, 37,5% және 25,0%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік туады.

